

Қоғамдық жұмыстардың түрлерін және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесін айқындау туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 193 қаулысы

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 914-1-бабына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. "Федоров ауданы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін Федоров ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Федоров ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі

Т. Исабаев

Әкімдіктің

2025 жылғы "30" қыркүйек

№ 193 қаулысына

қосымша

Қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесі

№	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Ұйымдардың тізбесі
1		"Федоров ауданы Федоров ауылдық округі әкімінің аппараты" "мемлекеттік мекемесі"

2		"Федоров ауданы Баннов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
3		"Федоров ауданы Вишневый ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
4		"Федоров ауданы Воронеж ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
5	Аумақты жинау және тазалау; бұталарды кесу; ағаштарды отырғызу, ағарту; ғимаратты, қоршауды бояу, әктеу; газон, шөп шабу; абаттандыру	"Федоров ауданы Камышин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
6		"Федоров ауданы Қосарал ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
7		"Федоров ауданы Костряков ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
8		"Федоров ауданы Қоржынкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
9		"Федоров ауданы Новошумное ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
10		"Федоров ауданы Ленин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
11		"Федоров ауданы Первомай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
12		"Федоров ауданы Пешков ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі